

**Сүгір Әліұлы атындағы жалпы  
білім беретін мектебінің  
2023-2024 оқу жылында  
жұмысының жоспарлы жүргізілуі  
туралы**

**А Н Ы Қ Т А М А**

Созақ ауданы білім бөлімінің Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінде 2023-2024 оқу жылының I жарты жылдығында тәрбие жұмыстарының жоспарлары жасалынып бекітілді. Мектептегі тәрбие жұмыстарының жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған кешенді жоспары негізінде жасалынды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

**Ұлттық мүдде құндылығы:**

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

**Ар-ұят құндылығы:**

- Академиялық адалдыққағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

**Талап құндылығы:**

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командалық жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды игерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

2023-2024 оқу жылындағы даталы күндер:

**1 қыркүйек – Білім күні;**

**Мұғалімдер күні;**  
**25 қазан – Республика күні;**  
**16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні;**  
**1 қаңтар – Жаңа жыл;**  
**15 ақпан – Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 35 жыл**  
**1 наурыз – Алғыс айту күні;**  
**8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні;**  
**22 наурыз – Наурыз мейрамы:**  
**1 мамыр – Қазақстан халықтар достығы күні;**  
**7 мамыр – Отан қорғаушылар күні;**  
**9 мамыр – Жеңіс күні;**  
**31 мамыр – Соңғы қоңырау**  
**1 маусым – Балаларды қорғау күні**

**1 қыркүйек – «мектебім – мейірім мекені»** тақырыбында «Білім күні» салтанатты жиыны өткізілді.

**8 қыркүйек күні** жас ерекшеліктеріне байланысты оқушылар арасында республикалық «Сергіту сәті» челленджі ұйымдастырылды.

«Мемлекеттік тіл – ұлт бірлігінің басты факторы» тақырыбында өтіп жатқан онкүндік аясында «Оқуға құштар ұрпақ» тақырыбында ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының мұрасын бренд ретінде дәріптеу мақсатында кітаптар көрмесі, «Тіл мәртебесі – ел мәртебесі» тақырыбында мұғалімдер мен оқушылар арасында үш тілде челлендж, мектеп оушылары арасында «Ұшқыр ой» интеллектуалды сайысы, мектеп оқушылары арасында Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына байланысты «Жасынан оқу оқып, өнер қуған...» мектепшілік үш тілде ғылыми жоба жұмыстары ұйымдастырылды.

28 қыркүйек күні ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2023 ж. 15 қыркүйек №42-01-11/7042 хатын басшылыққа алып «Білім беру объектілерін терроризмге қарсы ұйымдастыру» жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес оқу-жаттығу жұмысы жүргізілді.

Созақ ауданы білім бөлімінің Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінде 2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмыстарының жоспарлары жасалынып бекітілді. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу барысында апталық линейкалар, Тарлан (ұлдар) және Инабат (қыздар) ұйымдарының жиналыстары назардан тыс қалмай үнемі жүргізіліп отырды. Жоспарлы және жоспардан тыс мектепшілік рейд жұмыстары өткізіліп тұрды.

Әр аптаның дүйсенбі күні линейкада аптаның өткен аптаның қорытындысы, алдағы аптадағы жоспарлы хабарламалар, мектеп формасы, ұлдардың және қыздардың шаш қою үлгілері, түрлі құқықбұзушылықтардың, дұрыс емес әрекеттер жайлы түсіндірмелер айтылып, түрлі марапаттар тапсыру рәсімдері болып өтіп отырды.

Қыркүйек айында мектептің өзін-өзі басқару тобы мектепшілік сайлау нәтижесі бойынша құрылды. Оған 8,9,10 сыныптардан оқушылар өздерін ұсынды. Сайлауға қатысқан оқушылардан мектеп Президенті анықталды. Мектеп оқушыларының Президентінің қатысуымен Үкімет мүшелері анықталды. Қазіргі уақытта мектептің тәлімгерінің басқаруымен жұмыстарын жүргізіп келеді.

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айында кезекті жалпы ата-аналар жиналысының күн тәртібіне қойылған «Оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатындағы жолда жүру ережесі мен келеңсіз оқиғалардың алдын алу» бағытында біршама жұмыстар талқыланып, ата-аналарға оқушылардың мектепке келіп-кету кезіндегі жолда жүру ережесін қатаң сақтау керектігі және жол бойында абай болу, көше тәртібін сақтау, жолға шығып топырлап жүрмеу, жол үстінде құлаққаппен музыка тыңдамау, балалардың өмірін

кездейсоқ оқиғалардан сақтау мен алдан алу жұмыстары 1-9 сыныптардың ата-аналарымен бірге сынып жиналыстарында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Тарлан ұйымы мектептің ұл оқушылары арасында туындайтын түрлі мәселелердің алдын алу мақсатында І тоқсанның басынан бастап 3 рет жиындар өткізді. Жиынды үнемі МДТЖО М.Таласбаев жүргізіп жүрді. Жиынға Тарлан ұйымының жетекшілері мен мектептің ер мұғалімдері түгел шақырылып, қатыстырылып отырды.

№1 жиында мектеп пен ата-аналар арасындағы келісім шарттың тармақтарына байланысты түнгі уақытта көшеге шықпау мәселесі жөнінде айтылды. Таңертеңгі уақытта сабаққа кешікпей келу, себепсіз сабақтан қалмау, қоңырау кезінде уақытты тиімді пайдалану және болып жатқан сабақтардан қашпау жайлы айтылды.

№2 жиында оқушыларды салауатты өмір салтына шақыру, сабақтан тыс бос уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында спорттық және музыка үйірмелеріне белсене қатысуға үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді. Мектепте құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында ақша жинау, қоқан локқы көрсету, ішімдік пен темекі шегу, т.б. мәселелер талқыланды. Мектеп формасы, ұлдардың шаш қою үлгілері, тырнақтарының өсіп кетуі және т.б. тазалық мәселелері жайлы түсіндірмелер айтылып өтті.

№3 жиында мектепке оқушылардың бағалы заттарды, оның ішінде смартфондар, иіссулар, ойын карталары, фишкалар, өткір, үшкір, түйрейдін, кесетін, улы заттарды әкелмеулері жайлы айтылды. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында сабақтан себепсіз қалмауды, беймезгіл уақыттарда көшеде жүрмеу жөнінде айтылды.

Мектепшілік «Ерте жүктіліктің алдын алу» жоспары бойынша қыздар тәрбиесіне жауапты мамандардың қатысуымен әр айдың соңында «Инабат» қыздар ұйымының жиындары тұрақты өткізіліп келеді. Ұйымның төрайымы А.Ауелханова «Арынды сақта, бойжеткен!» тақырыбында баяндама жасаса, мектептің педагог-психологы Ұ.Нысанбаева «Ерте жүктіліктің қаупі қандай?» сауалнамасын жүргізді. Осы тақырып аясында профилактикалық жұмыс жүргізіп, жасөспірім қыздар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беру арқылы кеңестер берілді.

АПБ ЖПҚ ЮПТ УПИ полиция лейтенанты Бейсенбі Арна мектепшілік «Инабат» қыздар ұйымының жиындарына қатысып, тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері туралы баяндама жасады.

АПБ ЖПҚ ЮПТ УПИ полиция лейтенанты Кенжегараева Гулфайруз жасөспірім қыздарға еліміздегі ерте жүктілік дерегі бойынша тіркелген мәліметтерді, жасөспірім қыз баланың ерте тұрмысқа шығуы туралы орын алған фактілері жайлы баяндама жасады. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық заңының тиісті баптарына тоқталып, заң аясында жасөспірімдерге ата-анасы немесе оның заңды өкілінің жауапкершіліктері туралы құқықтық түсінік жұмыстарын жүргізді. Аудандық ішкі істер бөлімінің мектебімізге бекітілген жасөспірімдер жөніндегі инспекторларымен үнемі байланыста болып, сабақтан себепсіз қалған оқушалармен де жеке жұмыстар жүргізілуде.

7-11 сыныптарындағы қыз балаларға арналған «Ерте жүктіліктің алдын алу» бойынша жүргізілетін мектепшілік іс-шаралар жоспарына сәйкес медбике, психологтар, әлеуметтік педагог, «Инабат» қыздар ұйымының жетекшісі, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының қатысуымен кеңес беру жиындары тұрақты өткізілуде.

Созақ ауданынан «Балдаурен-Көкшетау» Республикалық оқу сауықтыру орталығына 2023 жылдың 26 қыркүйек – 15 қазан аралығында 8-9 сыныптардан 1 оқушы барып қайтты.

2023-2024 оқу жылы басталуына орай 9 – қыркүйек күні жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында ата-аналар жиналысы болып өтті.

25 қараша- 10 желтоқсан аралығында **«Зорлық – зомбылыққа жол жоқ!»** республикалық акциясы аясында Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінде **«Бақытты балалық шақ»** атты сурет көрмесі ұйымдастырылды.

**«Зорлық-зомбылықсыз 16 күн»** акциясы аясында **«Бала – біздің болашағымыз»** атты ата-аналарға дөңгелек үстел өткізілді.

17 қараша күні «Даналық» мектебі жобасы аясындағы «Сырғалым» жеңгелер клубының жоспарына сәйкес, 9 сыныптар аралығында **«Сырласайық, жеңеше!»** тақырыбында сырласу кеші өтті.

**«Баланың көркем- тілдік, музыкалық және қимыл- қозғалыс іс-әрекетінде шығармашылық қабілеті мен эстетикалық сезімін дамыту»** тақырыбында мектепалды даярлық сынып мұғалімдерінің арасында аудандық оқыту- тәжірибелік семинар өтті.

1 қазан – Халықаралық қарттар күніне орай 29 қыркүйек күні 11 сынып оқушылары ардагер ұстазымыз Құтжанова Майра Нұртайқызының үйіне барып тазалық және шаруашылық жұмыстарына қолғабыс етті.

5 қазан –Ұстаздар күніне орай жоғары сынып оқушылары арасында **«Ұстазыма мың алғыс»** атты челлендж ұйымдастырылды.

5 қазан –Ұстаздар күніне орай биылғы мектеп бітіруші түлектердің ұйымдастыруымен **«Мұғалім – зор тұлға, ол күннің құдіретті сәулесі іспетті»** атты концерттік бағдарлама өтті.

5 қазан –Ұстаздар күніне орай мектеп фойесінде мектепке дейінгі даярлық сыныбы мен бастауыш сынып оқушыларының қатысуымен жүрекжарды өлеңдер мен тақпақтар айтылды.

5 қазан –Ұстаздар күніне орай «Өзін-өзі басқару» ұйымы **«Дублер күнін»** ұйымдастырды.

Мектепішілік рейдтік шара барысында 7-11 сыныптардан смартфондар мен түрлі бет әрлейтін косметикалар, иіссулар табылып, оларға бұл заттарын қайта мектепке алып келмеуі жайлы ескертулер айтылды. Сонымен қатар пән мұғалімінің көрсетуімен 10А сынып оқушысынан өз араларында «Одна разка» деп аталатын электронды темекі табылды. Ол оқушының өзі мен жеке жұмыстар жүргізіліп, ата-анасына хабарланды. Бұл заттар тәркіленіп алынды. 7-11 сынып оқушыларымен мектептің АКТ залында ішімдік пен темекінің және электронды темекінің зияндылықтары туралы жалпы жиналыс өткізілді. Жиналыста МДТЖО М.Таласбаев жүргізіп отырды. Жиналыста тақырыпқа сай видеороликтер көрсетілді.

Оқушылар арасындағы темекіге тәуелділікпен күресу мақсатында І-тоқсанның соңғы күні ата-аналар жиналысы болып өтті. Ата-аналарға осы мәселелер айтылды және дайындалған видеороликтердің біршамасы көрсетілді. Ата-аналарға өз балаларының денсаулығына алаңдаулары жайлы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Сынып жетекшілермен үнемі жиналыстар өткізіліп отырды.

25 қазан – Республика күні мерекесіне арналған мектепішілік іс- шаралар жоспарына сәйкес, 19 қазан күні **«Туған елімнің мен патриотымын»** 10-11 сынып оқушыларының әскери-патриоттық шеруі өтті.

21 қазан күні 8-11 сыныптар аралығында «Өзін-өзі басқару» ұйымы президентінің сайлауы өткізілді.

23 қазан күні 12:00 де мемлекеттік Әнұранның жаппай орындалуына салтанатты жиын өткізілді.

25 қазан – Республика күніне орай 24 қазан күні мерекелік концерт өткізілді.

27 қазан күні Созақ аудандық полиция бөлімінің қызметкерлерінің қатысуымен 8-11 сыныптар аралығында **«Нашақорлық және есірткі бизнесіне қарсы күрес, кәмелеттік жасқа толмағандардың суицидтің, ерте жүктіліктің, басқа да құқықбұзушылықтардың алдын алу»** тақырыбында жиналыс өтті.

Мектеп медбикесімен бірлесе отырып 2023-2024 оқу жылында эпидемиялық маусымында ЖРВИ/тұмау ауруларының алдын алу және эпидемияға қарсы іс-шаралар жоспары жасалып, жұмыстар жүргізілуде.

«Отбасы тәрбиесіндегі рухани құндылықтардың рөлі» тақырыбында ата-аналарға семинар тренинг өтті.

«Оқушының жасөспірімдік кезеңіндегі психологиялық ерекшеліктері» тақырыбында 7-11 сынып қыз балалардың аналарына кездесу өтті.

Жылдық жоспарға сәйкес мектепте құқықтық оқыту жұмыстары жүргізілуде. 20 қазан күні ҚР Конституциясы «Білім туралы» заңы мектеп мұғалімдермен бірге тарих пәнінің мұғалімі Х.Шаңғараеваның жүргізуімен талқыланды. 17 қараша күні «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» заңы Д.Байкенов және «Жергілікті басқару органдары» заңы А.Андабаеваның өткізуімен талқыланды.

Созақ аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің 16.11.2022 жылғы №07-01-18/1712 хатына байланысты Сүгір Әліұлы атындағы жалпы орта мектебінде **«Зорлық-зомбылықсыз 16 күн»** республикалық акциясының аясында мектеп мұғалімдерінен құралған **«Балалар түнгі қалада»** түнгі кезекшілігінің кестесі құрылып, 21 қараша мен 9 желтоқсан аралығында кестеге сәйкес жұмыстар атқарылды.

**«16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні»** мерекесін атап өту бойынша іс-шаралар жоспары бекітіліп, жұмыстар атқарылды.

16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні мерекесіне орай мектеп кітапханасында **«Тұғырымығым, туы биік тәуелсіздік»** атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

«Атадан мұра» қоғамдық қорының бүлдіршіндер, мектеп оқушылары мен жасөспірімдер арасында ұйымдастырылған «ART БАҮТЕРЕК» халықаралық байқауында көркем сөз номинациясы бойынша үздік өнер көрсеткені үшін Бас жүлдені иемденіп, Астана қаласында өтетін республикалық Суперфиналға жолдама алды.

«Жаңа жылдық шырша» мерекесін атап өту мақсатында МАД сыныптары мен 1-11 сыныптар аралығында өтетін мектепшілік іс-шара жоспары бекітілді.

26 желтоқсан 10:00 де МАД сыныптар және 1-2 сыныптар арасында жаңа жылдық шырша өтті.

27 желтоқсан 5-6 сыныптар және 9-10-11 сыныптар арасында жаңа жылдық шырша өтті.

28 желтоқсан 7-8 сыныптар аралығында жаңа жылдық шарша өтті.

**Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары**

**М.Таласбаев**